

Қазақстан Республикасында отқа төзімді материалдар өнеркәсібін дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 желтоқсан 1992 ж. N 1070

Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің базалық салалары кәсіпорындарын отқа төзімді тапшы материалдармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы өнеркәсібі базалық салаларының отқа төзімді материалдар және олардан жасалатын бұйымдар өндіретін "Оттөзім" акционерлік өндіріс корпорациясын құру туралы бастамасына қолдау көрсетілсін.

2. Қазақстан Республикасында отқа төзімді материалдар өнеркәсібін дамытудың мүдделі ұйымдармен келісілген бағдарламасы мақұлдансын.

3. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы "Оттөзім" акционерлік компаниясының Отқа төзімді материалдар өнеркәсібін дамыту бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ететін жаңа өндірістер құру және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту жөніндегі ұсыныстарына мемлекеттік қолдау жасау шараларын көздейтін б о л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі 1993 жылы "Оттөзім" корпорациясының өтінімдері бойынша телефон және телекс байланысының қажетті техникалық құралдары мен арналары бөлінуін қамтамасыз етсін.

5 . < * >

6 . < * >

Ескерту. 5,6-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі